

Құмарбекқызы Жания

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының доценті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Аннотация.** Мақалада Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы жаңа Заң талданады. Жаңа заңнаманың ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері зерделенеді. Нәтижесінде заңнаманы жетілдіруге қатысты ұсыныстар қалыптастырылды.*

***Түйінді сөздер:** бейбіт жиналыстар, демонстрация, митинг, шеру, пикет, ұйымдастырушы, жергілікті атқарушы орган.*

***Аннотация.** В статье анализируется новый Закон о порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан. Рассматриваются особенности, преимущества и недостатки нового законодательства. В результате сформированы предложения по совершенствованию законодательства.*

***Ключевые слова:** мирные собрания, демонстрация, митинг, парад, пикет, организатор, местный исполнительный орган.*

***Annotation.** The article analyzes the new law on the procedure for organizing and holding peaceful assemblies in the Republic of Kazakhstan. The features, advantages and disadvantages of the new legislation are considered. As a result, proposals for improving the legislation were formed.*

***Keywords:** peaceful assembly, demonstration, rally, parade, picket, organizer, local executive body.*

2020 жылғы 25 мамырда қабылданған «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын сәтті іске асырылуының дәлелі болды, өйткені осы Заңның қабылдануымен билік пен қоғамның арасындағы қарым-қатынас арнасы кеңейе түсті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабы Қазақстан Республикасының азаматтарына бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқық береді [1]. Бұл құқықты пайдалану тек мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Жаңа Заң айтарлықтай прогрессивті және либералды болып шықты, өйткені онда сарапшылар қауымдастығының пікірлері, яғни біздің

халқымыздың пікірлері ескерілген. Заң жобасын талқылауға және әзірлеуге қалың жұртшылық белсенді қатысты, бірнеше қалада бірнеше қоғамдық тыңдаулар өтті. Сонымен қатар, жоба онлайн-сайттарында да және халықаралық ұйымдардың өкілдерімен де талқыланды.

Одан басқа, заң жобасы бойынша жұмыс карантин мен оқшаулау режимінің ерекше жағдайларында жүргізілді. Бұл ретте, жұмыс тобының құрамына кірген қоғамшылдар мен сарапшылардың пікірі бойынша онлайн-талқылаулар заң шығару жұмысына терең бойлауға мүмкіндік берді [2]. Олардың айтуынша, бұл Қазақстандағы алғаш рет заң жобалау жұмысында цифрлық технологияларды кеңінен қолданылған жағдай. Және бұл тәжірибені заң шығарушылықта одан әрі пайдалану орынды болар еді деген ортақ пікірге келді.

Жария іс-шаралар туралы қазақстандық заңнама көрші мемлекеттермен салыстырғанда, ең «жұмсақ» болып шықты. Басты айырмашылығы – бұл бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру қағидалары мен өтініштерді беру мерзімдері. Осылайша, заң шығарушылық митингтерді өткізу үшін рұқсат алу тәртібінен бас тартып, ескерту немесе хабарлау жүйесіне бет бұрды. Онымен қоса, енді хабарлама іс-шараға 5 жұмыс күні бұрын (ескі заңнама бойынша 10 күн) берілуі тиіс. Бірақ бұл тұжырым тек жиналыс, митинг және пикет өткізу үшін ғана белгіленген. Ал демонстрация мен шеру өткізу үшін келісуді алу туралы өтініш 10 күннен кешіктірілмей берілуі тиіс.

Мәселен, Ресейде де хабарлама қағидасы қолданылады, алайда митинг өткізу үшін өтініш іс-шара өткізілетін күнге дейін 15 және 10 күннен кешіктірілмей берілуі керек. Қырғызстанда хабарлама қағидаты ұстанылады, өтінім беру мерзімі 12 күнтізбелік күнді құрайды. Ал Өзбекстанда жария іс-шаралар туралы заң жобасы енді ғана талқылануда, ол рұқсат алу қағидасын көздейді, ал өтініш беру мерзімі алғашқы кезде 30 күнді құраса, кейін 15 күнге дейін қысқартылған.

Екінші айқын айырмашылық бұл заңда жаңа қағиданың пайда болуы. Посткеңестік елдердің бірде-бірінің митингілер туралы заңнамасында Қазақстан Заңының 3-бабында бекітілген «Бейбіт жиналыстар өткізу пайдасына презумпция» деген ұғым жоқ. Бейбіт жиналыстар өткізу пайдасына презумпция – бұл 2007 жылы Еуропада қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының сарапшылар кеңесі дайындаған алты қағидаттарының бірі болып табылады. Мазмұны бойынша бұл қағида «Заң тікелей тыйым салмайтын барлығы рұқсат етілген деп есептелуі керек және жиналысқа қатысуға ниет білдірушілерден оны өткізуге рұқсат алуды талап етпеуі керек. Заңнамада жиналыстар бостандығы пайдасына презумпцияны нақты және біржақты белгілеу керек» дегенді білдіреді. Бұл қағиданың митингілер туралы қазақстандық заңнамада бекітілгені оның прогрессивтік сипаты туралы айтуға мүмкіндік береді.

Одан басқа Заңда бес негізгі қағида белгіленген. Біріншіден, бұл барлық құқық салаларына ортақ болатын заңдылық қағидасы. Ол дегеніміз

бейбіт жиналыстар заңда белгіленген тәртіпке сәйкес өткізілуін және барлық ұйымдастырушылар мен қатысушылар заңнаманың талаптарын сақтау керектігін білдіреді. Екіншіден, күш қолданылмайтын сипат. Яғни, Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан қарусыз жиналу. Басқа сөзбен айтқанда, суық, атыс қаруны, өзге де заттар мен бұйымдарды алып жүруге тыйым салынады. Келесі «Мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық сақтауды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету» қағидасын ішкі істер органдары қамтамасыз етуі тиіс. Бұл қағида бұзылса, бейбіт жиналыстарды тоқтатуға негіз болады. Тараптардың қатысу еріктілігі ешбір қысымсыз, өз пікірлерін еркін білдіруді көздейді. Осы қағидатты іске асыру үшін материалдық сыйақы алуға тыйым салу көзделеді. Соңғы қағида тараптардың жауаптылығы. Заңда белгіленген талаптарды бұзғаны үшін әрбір тараптың жауаптылығы көзделген. Демек, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, ұйымдастырушы мен қатысушылар өздерінің әрекеттері үшін жауап береді, оның ішінде тыйым салуларды сақтауға міндетті болады. Ал жергілікті атқарушы органдар мен құқық қорғау органдары қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде, ұйымдастырушыларға жәрдемдесуге міндетті болады.

Одан басқа, нормативтік-құқықтық құжатта бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік органдардың құзыреті, бейбіт жиналыстарды өткізу орны мен уақыты нақты белгіленген.

Мәселен, ұйымдастырушының бейбіт жиналыстар өткізу кезінде дыбыс деңгейі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіттеу құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға құқылы. Осыған сәйкес, «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №169 бұйрығында дыбыстың оңтайлы және рұқсат етілген көрсеткіштері бекітілген. Яғни, ұйымдастырушылар бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде аталған нормативтік-құқықтық актіде көзделген көрсеткіштерді басшылыққа алады.

Ұйымдастырушының міндеттеріне келетін болсақ, ерекше қызығушылықты айырым белгісін тағып жүру тудырады. Бұл міндет Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тікелей байланысты. Аталған мемлекеттік орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының айырым белгілерінің нысандарын әзірлеп, бекітетін болады. Келісу рәсімі мен аталған актіні қабылдау рәсімі белгілі бір уақытты талап етіледі.

Заңда сонымен қатар, бейбіт жиналысты ұйымдастырудан және өткізуден бас тартылуы мүмкін мән-жайлардың толық тізбесі, және оларды өткізу үшін арнайы орындар анықталды. Бұл орындарды заңға сәйкес жергілікті өкілді органдар айқындайды.

«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңға сәйкес, бейбіт жиналысты ұйымдастырушы болып Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматы немесе кәмелетке толған азаматтарының тобы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлғалар табылса, бейбіт жиналысқа қатысушы – бейбіт жиналысқа өз еркімен қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады [3]. Сәйкесінше, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар тек ұйымдастырушы ғана емес, қатысушы да бола алмайды. Бұл норма, қатысушылар мәртебесіне қатысты бөлігінде, біздің ойымызша өзгертуді қажет етеді. Мәселен, кейбір шетел мемлекеттерінде демонстрацияларды кез-келген елдің азаматтары, соның ішінде жасөспірімдер де ұйымдастыра алады (Қырғызстан).

Жалпы жаңа заң прогрессивтік сипатқа ие және екінші жағынан, ол табысты әлемдік кейстерді сындарлы-сыни талдау тұрғысынан пысықталған, олардың репрезентативтілігі мен сапалы іріктелуі кәсіби құрметке лайық. Мұнда біз АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Франция, Жапония, Сингапур, Швеция және Ресейдің заңнамалық тәжірибесіне салыстырмалы шолу жасалғанын көре аламыз.

Дегенмен, әлемдік озық тәжірибені ескере отырып, ұлттық заңнамаға имплементациялауға болатын ережелер әлі де бар. Мысалы, соңғы кезде кеңінен таралып кеткен «флешмоб», «шұғыл» (стихиялық, жедел, кейінге қалдыруға болмайтын) бейбіт іс-шаралар ұғымдарын заңнамалық түрде бекіту мүмкіндігін қарастыру Қазақстандық заңнаманы заманауи жаққа тартатын бірден бір өзгеріс. Одан басқа, заңда тек ұйымдастырушылардың емес, сонымен қатар қатысушылардың да жас талаптарына шектеулер белгілеу, іс-шараны өткізу туралы хабарламаны берместен бұрын оны полиция және өрт сөндірушілер органдарымен өздігінен келістіру тәрізді енгізулер бейбіт жиналыстарды өткізу туралы заңның мазмұнын одан да жақсартушы еді.

Бұл және басқа да мемлекет пен қоғамның құқықтарын іске асыруға және еркін білдіруге бағытталған жаңалықтар көп ұзамай нормативтік актіде орын алатынына үміттенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамызы республикалық референдумда қабылданған* //Қолжетімдік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/>
2. *Новый закон о мирных собраниях. Как теперь проводить митинги, шествия и пикеты. Инструкция* // Қолжетімдік тәртібі: <https://informbiuro.kz/>
3. *Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 мамырдағы №333-VI ҚРЗ* //Қолжетімдік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/>